

ӨНЕРТАНУ АРҚЫЛЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ДАМУЫ ҮРДІСІ

*Бектұрғанов Жігер Алтынбекұлы
Маңғыстау өнер колледжі
«Домбырамен ән салу» бөлімінің оқытушысы*

Өнертану - көркем мәдениетті және өнердің әр саласын жеке-жеке қарастыратын қоғамдық ғылымдар жиынтығы. Өнердің пайда болуын, өркендеу-қалыптасу сатыларын, адамзат тарихынан алатын орнын, атқаратын қызметін, мәдениетпен және басқа да құбылыстармен арақатынасын нақтылайды, көркем шығармалардың мазмұны мен түр мәселелерін анықтайды.

Музыкатану, театртану, кинотану, әдебиеттану, т.б. Өнертануға жатады. Өнертану ғылымы мұнымен бірге көркем өнердің кеңістіктік және пластикалық түрлерін (архитектура, кескіндеме, мүсін, графика, сән және қолданбалы өнер) де талдайды. Өнертану ғылымдары бірімен-бірі тығыз байланыста тұратын үш саланы (өнер теориясы, өнер тарихы және көркем сын) қамтиды.

Өнердің қызметін, қоғамдық сананың, адам танымының айрықша формасы ретіндегі ерекшелігін айқындайтын белгілі бір анықтама беру немесе оның адам өміріндегі маңызы мен мәнін анықтау жайлы тартыстар бүкіл мәдениет тарихында тоқталған жоқ. Өнер жайлы: “табиғатқа еліктеу”, “Құдайды тану”, “шындықты бейнелеу”, “сезім тілі”, т.б. анықтамалар берілді. Көптеген теорияшылар өнердің күрделілігі мен санқырлылығына сай оның мән-маңызын тек танымдық немесе идеялық, яки эстетикалық деп біржақты қарастырушылар да болды. Осындай көзқарастарға қанағаттанбай өнертанушылар өнердің бойында таным да, шындықты көре білу де, жасампаздық та, көркем бейне де, рәміз сияқты көптеген мәселелер келісті үйлесімде, тығыз қарым-қатынаста деген тоқтамға келді.

Өнер жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуіне, оның эмоционалды күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етіп, адамзаттың қордаланған сан ғасырлық мәдени тәжірибесінен, даналығынан сусындауға мүмкіндік береді. Өнер туындысы адам сезіміне қозғау салумен бірге, баяндалған оқиғаны басынан өткізгендей тебіреніске, кейіпкердің қуанышына сүйінген, қайғысына күйінген толғанысқа әкеледі, эстетикалық ләззәтқа бөлейді. Ол ерекше көркем образды рәміздер жүйесі арқылы, айрықша көркем тіл ретінде көрініп, адамдардың санасына жол табады. Адамның көркем шығармашылдық әрекеті сан алуан қалыпта дамып, ол өнердің түрлері, тектері, жанрлары ретінде таратылады.

Әрбір тарихи кезеңнің, сондай-ақ әрбір халықтың өзіне тән эстетикалдық талап, талғамдары болады. “ Өнер алды – қызыл тіл ” деген қазақ мәдениетінде сөз өнерінің орны ерекше болған. Қазақ фольклорының шағын жанрлары – мақал-мәтел , жұмбақ , лирикалдық ән-өлеңдер, билер институты тудырған шешендік сөздер табиғатының эстетикалдық сипаты басым. Халық музыкасында қалыптасқан әншілік, күйшілік дәстүрлердің де өзіндік болмысы анық. Кең тынысты лирикалдық әндер арқылы халық өзінің ішкі сезімдерін сыртқа шығарған болса, күмбірлеген күй арқылы өздерінің эстетикалдық әр философиялық ой-толғамдарын жеткізіп отырған. Осы белгісіне орай өнерді әрі эстетикалдық, әрі этникалдық құбылыс ретінде қарастыруға да болады.

Халық мұрасы тұсында оның этникалдық арқауы басым болса, кәсіби өнерге келгенде эстетикалдық сипаты үстем. Өнер туындылары арқылы өмір шындығын көрсетудің әр түрлі тарихи кезеңдерге тән өзіндік көріністері бар. Соларды саралай отырып, адамзат баласының көркем қиялмен ойлау жүйесінің даму, жетілу жолдарын аңғарамыз.

Өнер - халықтың табиғи шежіресі. Осы өнер арқылы өмірге деген кең тыныс, тіршілікке деген ой - толғаныс, адамның әртүрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қолөнер адам өмірінің сан ғасырдан келе - жатқан қол жетпес мұрасы. Қазақ халқының басынан өткен сан қилы замандар, оның тіршілігі мен салт - дәстүрі, сана - сезімі, өмір сүрген ортасы, әдет - ғұрпы арқылы ұлттық өнер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, болашақ үшін тарихи мәртебеге айналған секілді.

Өнердің құдіреті - шексіз. Мен өнер құдіретінің бір бөлшегі деп, күй құдіретін айтар едім. Себебі Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ - Домбыра деп, - Қадір ағамыз бекер айтпаса керек. Домбыра - ол біздің халқымыздың ұлттық аспабы болып саналады.

«Өнер» терминін екі мағынада анықтауға болады. Кең мағынасында өнер адам баласының жасампаздығын білдіреді де, "ендіру", "жасау", "құру" деген негізден өрбиді. Мысалы, көне гректердің өнерді білдіретін ұғымы "poiesis" — адам қолынан шыққан, өндірілген заттар әлемі ретінде табиғи әлем — "physiske" қарама-қарсы қойылған. Тар мағынасында "өнер" деп көркем шығармашылық үдерісін және оның нәтижелерін (бейнелеу, поэзия, әуен, би және т.б.) айтуға болады. Біз әрі қарай "өнер" сөзін соңғы, тар мағынасында пайдаланамыз. Өнердің мәдениеттегі алатын орны оның басқа салаларынан гөрі ерекше. Өйткені өнерде ғана қоғамдық сана өзін толығымен — бастапқы белінбеген синкретикалығымен көрсете алады. Мәдениеттің басқа салаларында жіктелген

заттық және руханилық, рационалдық және эмоционалдық... — осылардың бәрі өнерде жігі бұзылмай, бірлесе біте қайнасып жатыр.

Өнер арқылы мәдениет өзінің тұңғық тереңінде болып жатқан құбылыстарын дәп бір айнаға қарап көргендей, байқап отырады. Сондықтан да өнерді "мәдениеттің айнасы" деп анықтауға негіз бар. Нақты тарихи жағдайлар шеңберінде белгілі бір ұлттың, этностың мәдениетінде өнер арқылы сол мәдениеттің әлемді және әлемдегі адамды түсінуін көреміз. Өнер — мәдениеттің жаны, оның өзіндік танымының түрі. Сұлулық заңы бойынша адамның дүниені игеруі барысында әдеби мәтіндерге, мүсінге, сәулет туындыларына, суреттерге, әуенге, биге және т.б. негізделген өнер түрлері қалыптасады. Өнер — адамның рухани болмысына, сезіміне, эмоциясына әсер етіп, оны толғандыратын суреткер қолынан шыққан шығармашылық үлгісі. Өнер — адами ақиқат, адамдандырылған "екінші әлем" тудыратын күш.

Сұлулық, әсемдік, әдемілік сынды бірдеңгейлік ұғымдар мазмұнына негізделген өнер туындысы үшін адам мен қоғамның еркіндік туралы түсінігінің мәні зор. Өнерді көп ойшылдар өз ләззаты, өз рақаты өзінде, еш нәрсеге тәуелсіз "мақсатсыз" мақсаткездегіштік деп анықтайды. Бірақ, бұл сипаттамалардан өнерді беталды, тізгінсіз әрекет деп түсінуге болмайды.

Бұл тұста таза өнер мен кәсіби өнерді ажырата білген абзал. Мысалы, неміс философы И.Кант таза өнер мен кәсіби өнерді ажыратып қарастырады да, біріншісін — еркін өнер, екіншісін — табыс үшін жасалатын өнер дейді. Кант бұл жерде еркін өнер деп адамның өзінің рухани болмысынан шыққан бейнелі шешімдермен байланысты өнерді айтып отыр. Ал табыс үшін, сауда-саттық мақсатында жасалған өнер өзіне емес, өзгеге ұнау үшін, сатып алушы талғамына, сұранысына ыңғайластырып жасалынады. Өнердің жекелеген түрлерін және олардың бір-бірінен ерекшеліктерін білу, ажырату адамзатты ежелден бері толғандырып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ж.
2. Нурмухаммедов Н. Искусство Казахстана. М. 1970 ж.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 бет.